



Сыр бойы

№144 (21020) 23 қыркүйек, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// СҰЛУ СЫРДЫҢ СӘУЛЕСІ

ҰЛЫ АБАЙ ЕЛІНДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӨНЕР КҮНДЕРІ



Абай облысындағы Қызылорда облысының өнер күндеріне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастап барған делегация Семейдегі «Абай ұлдарымен» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Делегация құрамында Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов, Р.Рүстемов, М.Ергешбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, аймақ ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар, симфония оркестрлері, «Сыр самалы» вокалды-аспапты, «Томирис» би ансамбльдері, хор ұжымы, басқа да өнерпаздар болды.

Сыр елі делегациясының мүшелері Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын аралап, құнды жәдігерлермен танысты. Абай облысының әкімі Берік Уәли қонақтарға «Semey Smart City» шағын ауданының құрылыс жобасын таныстырды. Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан жана ауданда 75 мың тұрғынға арналған тұрғын үй кешендері, 40-тан астам әкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар, саябақтар бой көтермек.

Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында еліміздің 11 өңірі Семей қаласына бір нысаннан салып беруге өз ұсыныстарын берді. Маңғыстау облысы «Достық үйінің» іргетасын қалады. Шымкент қаласы шығармашылық орталығын, Түркістан облысы көрме орталығын, Астана қаласы «Келешек мектебін», Ақтөбе облысы жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы Рәміздер алаңын, Батыс Қазақстан

облысы желілік саябақ салуды, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағажайын абаттандыруды жоспарлаған. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының бастамасын қолдайтынын жеткізді.

– Барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен үлкен жобаны қолға алған екенсіздер. Біз де бұл игілікті іске өз үлесімізді қосамыз. Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы бар. Сондай ғимараттың бірін жоспарлаймыз, – деді. Делегация Семей қаласында орналасқан еліміздегі автобус құрастыратын жетекші кәсіпорындардың бірі – «Daewoo Bus Kazakhstan», жүк көліктерін, арнайы техника құрастырумен айналысатын «СемАЗ» және түрлі баспа өнімдерін шығарумен шұғылданатын «Казполиграф» серіктестіктерін аралады. Кәсіпорындардың өнімдеріне қызығушылық танытып, алдағы уақытта бірлесе жұмыс істеуге дайын екендерін жеткізді.

2-бет

ШЫРАЙЛЫ ШЫҒЫС ӨНЕР КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ ЖАЛҒАСТЫ



Қызылордалық делегация сапары Шығыс Қазақстан облысында жалғасты.

Меймандарды ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов қарсы алды. Делегация мүшелері ең әуелі Өскемендегі Халифа Алтай атындағы мешіттің сәулеттік құрылымымен, ішкі жұмысымен, діни ағартушылық қызметімен танысты.

Одан кейін Жеңіл атлетика манежін барды. Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакованың аты берілген спорттық нысан 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Онда жеңіл атлетиканың түрлі бағытында жаттығатын өлке спортшылары жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Делегация назарына ұсынылған Жекпе-жек кешені де – Шығыс Қазақстандағы озық спорт нысандарының бірі.

Содан соң қонақтар өз өнімдерін тек өңірге ғана емес, республика аумағына саудалайтын «Шығыс сүт» ЖШС-ға барды. Бүгінде мұнда 80 түрлі өнім шығарылады. Қызылордалықтар корпорацияның тарихымен, жабдықтарымен танысып, жұмыс барысын бақылады.

2-бет



/// САЙЛАУ – 2025

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді.

Сапардың мақсаты – 28 қыркүйекте болатын Қазалы ауданы әкімінің және 26 қазанда өтетін Қызылорда қаласы мен Жалағаш ауданындағы шығып қалған мәслихат депутаттарының сайлауын дайындау және өткізуді пысықтау.

Сапарға ОСК мүшесі Азамат Айманақұмов және комиссия аппаратының жауапты қызметкерлері қатысты.

2-бет

/// АҚЖОЛТАЙ



АЙТЫСТЫҢ АҚТАҢҒЕРІ

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ұлт ұстазы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай Қостанайда өткен республикалық ақындар айтысында бас жүлде алған айтыс ақтаңгері, үш мәрте «Алтын домбыра» сыйлығының иегері Мұхтар Ниязовты күрежол бойынан өнер жанашырлары күтіп алды.

Күтіп алу сәтінде өнерпаз Бексұлтан Орынбасаров арнау айтып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов ақынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау хатын табыстады.

Сонымен бірге ақынның әріптестері, тілекшілері сөз сөйлеп, ұстазы Мамыр Байдаулетов өлеңмен бата берді.

6-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

ЕЛ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН АЙДОС

Сыр ұланы тарихи жеңіске қол жеткізді. Хорватия астанасы Загреб қаласында грек-рим күресінен жерлесіміз Айдос Сұлтанғали (60 келі) Әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Қазақ елінің абыройын аспандатқан Айдосқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау хатын жолдап, өзінің ізгі лебізін білдірді. «Айдос Сұлтанғалиды Әлем чемпионатындағы жарқын жеңісімен құттықтаймын. Ол – грек-рим күресінен осы ғасырдағы тұңғыш жеңімпаз. Балуандарымыздың жеңісті жолды жалғастыра беруіне тілектеспін» деп жазды Президент Instagram парақшасында.

Бұл – қазақ спорты үшін зор табыс. Ел құрамасы қоржынына 26 жылдан кейін алтын медаль түсіп отыр. 1999 жылы қазақстандық Мхитар Манукян (63 келі) жеңіске жетсе, 1998 жылы Бахтияр Байсейітов Әлем чемпионы болған. Әрбір жетістік үшін спортшы қаншама тер төгеді, уақытын жұмсайды. Айдос қаншама бәсекеде ел намысын қорғап, шеберлігін шыңдай білді, тәжірибесін арттырды. Әлем чемпионатындағы жеңіс – сол маңдай тердің өтеуі.

6-бет

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ЖЕТІСТІК НЫШАНЫ

Облыста жол-көлік инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді. Қазір қала көшелері кеңіген әрі тақтайдай тегіс жолда көлік ағыны реттеліп, тұрғындарға жайлылық сыйлауда. Ауылдар мен шет аймақтардағы жолдар да жаңалануда. Көпірлер мен өткелдер де қайта салынып, тұрғындар игілігін көруде.

Осы кезге дейін шаһардағы ірі көшелердің жөнделіп жатқанын көрдік. Бұл жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Осындай жұмыстың бірі М.Шоқай көшесінде атқарылууда. Мердігер – «Қыран» ЖШС.



5-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының бірі – «Orda Glass Ltd» табақша шыны өндіру зауытының бас директоры Цай Го мырзамен кездесті. Кездесуде зауыттың ағымдағы жұмысы, өндірістік қуаты және алдағы инвестициялық жобалар талқыланды.

Айта кетейік, «Orda Glass Ltd» зауыты 2022 жылы Индустрияландыру бағдарламасы және «Бір белдеу – бір жол» Қазақстан-Қытай ынтымақтастық жобасы аясында іске қосылған. Жылдық қуаттылығы 197,1 мың тонналық бұл кәсіпорын республикадағы табақша шыны өн-

діруші жалғыз инновациялық зауыт. Жобаны жүзеге асыру үшін 42 млрд теңгешетелдік инвестиция тартылған.

Зауыт іске қосылғаннан бері өнімінің 70%-ы ішкі нарыққа бағытталса, 30%-ы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузия елдеріне экспортталуда.

2023 жылы облыс әкімінің Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарының нәтижесінде былтыр жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндіретін жаңа желі іске қосылды. Жобаның инвестициялық құны 15 млн АҚШ доллары.

Облыс әкімдігі зауыттың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық қолдау көрсетуде кешенді шаралар атқарып келеді. Өз кезегінде қытайлық инвестор құны 55 млн АҚШ доллары болатын, екі кезеңнен тұратын жаңа инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған.

Шыны зауытының жұмысы аймақта ілеспе өндірістердің дамуына серпін берді. Алдағы уақытта айна, бөтелке және шыңдалған шыны шығаратын зауыттар ашылмақ. Бұл жобалар өңір экономикасын әртарап-тандыруға, шыны кластерін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ импортты алмастырып, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бастамалар облыстық бюджетке қосымша кіріс әкеліп, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға жағдай жасайды.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**



ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Іссапар барысында жоспарланған барлық іс-шаралар сайлау комиссияларының дайындық деңгейін бақылауға, електоралдық оқыту барысына мониторинг жүргізу, сайлау процесінің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге және сайлау процесіне қатысушылармен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған.

Қазалы ауданы әкімінің сайлау науқанына 1 аумақтық және 40 учаскелік, жалпы 41 сайлау комиссиясы жұмылдырылған. Қызылорда қаласы және Жалағаш аудандық мәслихат депутаттарының сайлауына 2 аумақтық, 2 округтік, 6 учаскелік сайлау комиссиясы тартылған.

Сапардың алғашқы күнінде Ортсайлауком басшысы аумақтық сайлау комиссияларының, жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура, поли-

ция департаменті, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және өзге де уәкілетті органдар басшыларының қатысуымен кенес өткізді.

«Достық үйінде» өткен жиында сайлау науқанын ұйымдастыру мәселелері, сайлау өткізудің күнтізбелік жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру, азаматтардың сайлау құқықтарын сақтау, електоралдық процесс барысында заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

ОСК төрағасы жиынға қатысушылардың аудан әкімі және мәслихат депутаттарының сайлау науқанында заңнаманы сақтау, ашықтық пен айқындықты, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне мән беру қажеттігін атап өтті.

«СБ» ақпарат

1-бет

ҰЛЫ АБАЙ ЕЛІНДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӨНЕР КҮНДЕРІ



Семей қаласындағы Абайдың 180 жылдығына арналған Қызылорда облысының өнер күндері «Сұлу Сырдан – ұлы Абай еліне» деп аталды.

Алдымен Семейдегі Абай атындағы театрда «Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылды. Оны Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Абай облысының әкімі Берік Уәли аралап көрді.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы құнды жәдігерлерден жасақталған көрме 3 бөлімнен тұрады. Ондағы «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» археологиялық реконструкциялары археологиялық-этнографиялық экспедициялар кезінде табылған жәдігерлерді негізге алып жасалған.

Келушілер назарына археологиялық алтын-дар коллекциясы, атап айтқанда Шірік Рабат және Бәбіш мола қалашықтарынан табылған алтын жапсырмалар, Сығанақ қалашығынан табылған алтын сырғалар, тұмар, түймелер және маржан моншақтардың түпнұсқа коллекциясы ұсынылды. Жанкент, Асанас, Қышқала, Сығанактан, т.б. табылған терракоталар, глазуірлі қаптамалар, қыш ыдыстар және Бидайықасар қалашығынан табылған қоссаз домбыра көшірмесі де Абай елі тұрғындарының қызығушылығын туғызды.

Көрмеге қойылған зергерлік бұйымдар коллекциясының тарихы бай. Сыр бойының қазақ әйелдері тағынған күміс әшекейлердің, яғни өңіржиек, жырға, алқаның, тұтыңған ағаш жиһаздарының, ыдыстардың, тері бұйымдарының, ер қаруы болған қылыш, айбалта, семсер, шокпар, найза, қалқан, жебенің құндылығы жайында білгісі келетіндер қатары көп болды.

Сондай-ақ түркі дүниесінің ұлы абызы Қорқыт атаның «Деде Қорқыт» кітабының Дрезден нұсқасы, нар қобыз, ЮНЕСКО сертификаты, кәдесыйлар, үш жүздің пірі болған Марал ишанның жеткен көк аса, Марал бабаның оққағары болған Тәжіге тиесілі Керей ерінің түпнұсқасы, Қалқай ишан, Сердалы Бекшорин, Ер Сейтпенбет, Бұқарбай батыр пайдаланған мөрлердің көшірмелері де көрме төрінен орын алған.

Семейліктер Абайдың 1922 жылы жарық көрген өлеңдер жинағының, Қызылорданың Қазақ АКСР-інің астанасы болғанына 100 жыл толуына орай фото және архивтік құжаттардың қыр-сырына қанықты.

Семейдегі Абай атындағы театрда Абай елінің көрермендеріне сұлу Сырдың жыр сәлемі жеткізіліп, аймақ басшысы концертке келушілерге ізгі тілегін білдірді.

1-бет

– Еліміздің ұлттық руханияты мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің ордасы – киелі Семей өлкесінде өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Семей – ұлы даланың ұлағатты өлкесі. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы» деп лайықты бағасын берді.

Абайдың есімін иеленген қасиетті өлкеде ұлы тұлғаның 180 жылдығы быыл аса жоғары деңгейде аталып өтті. Мемлекет басшысы «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы» деген болатын. Ақын өсиеттері – бүгінгі ұрпақтың айнымас қазығы. Баршаңызды қазақтың ұлы ақыны, «адамзаттың Абайы» атанған ағартушы, рухани реформатор Абай Құнанбайұлының жалпыхалықтық тойымен Сыр жұртшылығының, өзіміз атымынан шын жүректен құттықтаймын!

Семей және Қызылорда қалалары ұлтымыздың тағдыршешті мәселелері қаралып, маңызды шешімдер қабылданған саяси орталық ретінде тарихқа таңбаланған.

Бүгінде Президент қолдауымен дербес облыс болып құрылған Абай елінде серпінді жобалар қарқын алғанына қуаныштымыз. Мәдениет пен руханиятты дамыту – еліміздің тұтастығын, ұлттық сана мен қоғамдық келісімді нығайтудың берік негізі.

Бүгінгі шақа екі өңірдің мәдениет, өнер саласы қызметкерлерінің тәжірибе алмасуына, іскерлік байланыстарды арттыруға ықпал етеді. Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, болашағы жарқын болғай! – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік басқосула Абай облысының әкімі Берік Уәли сөз сөйлеп, өнер күндерін өткізуге қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, атсалысқан өнерпаздарға алғысын жеткізді.

Концертте Қорқыттың күйі, халық әндері, Сыр сұлейлерінің термелері, «Ұлы дала поэмасы» хореографиялық қойылымы, күй тартыс, «Махамбет» поэмасы және басқа да туындылар көрерменге ұсынылды.

Еске салайық, бұған дейін Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері елордамыз Астанада, одан кейін Алматы қаласында жоғары деңгейде ұйымдастырылған еді.

Өңірдің өнер майталмандары Наурыз мерекесін, еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттап, Испания, Финляндия, Эстонияда маңызды шаралар өткізді. Алдағы қазан айында ұлттық мерекеміз – Республика күніне орай Швейцарияның бірқатар қаласында Қызылорданың мәдениет және өнер күндерін өткізу жоспарланған.

ШЫРАЙЛЫ ШЫҒЫС ӨНЕР КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ ЖАЛҒАСТЫ

Шығыс Қазақстан облыстық филармониясында «Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылды. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрмыбет Сақтағанов және өскемендіктер Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы құнды жәдігерлермен танысты.

Кейінгі жылдары музей қоры ежелгі қалалар орнынан табылған жәдігерлерді негізге алып, қайта жаңғыртылған «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» археологиялық реконструкцияларымен толыққан болатын. Бүгінгі көрмеге келушілер осы жәдігерлерге ерекше назар аударды.

Археологиялық экспедициялар кезінде табылған алтын-дар коллекциясы да осы жерден орын алған. Ежелгі өркениеттің бесігі саналатын Шірік Рабат және Бәбіш мола қалашықтарынан табылған алтын жапсырмалар сол дәуірдің көзіндей. Сондай-ақ көрмеге орта ғасырларда сауда-саттық пен мәдениеті өркендеген Сығанақ қалашығынан табылған алтын сырғалар, тұмар, түймелер және маржан моншақтардың түпнұсқа коллекциясы қойылған. Шығыс жұртшылығы Жанкент, Асанас, Қышқала, Сығанактан табылған терракоталар, глазуірлі қаптамалар, қыш ыдыстар және Бидайықасар қалашығынан табылған қоссаз домбыра көшірмесін де қызыға тамашалады.

Көрмедегі зергерлік және тұрмыстық бұйымдардың орны бөлек. Өңіржиек, жырға, алқа, ағаш жиһаздар, ыдыстар, тері бұйымдары Сыр бойында колөнердің бай мұрасы сақталғанын көрсетеді. Қару-жарак коллекциясындағы қылыш, айбалта, семсер, шокпар, найза, қалқан, жебе тарихтан сыр шертеді.

«Деде Қорқыт» кітабының Дрезден нұсқасы, нар қобыз, ЮНЕСКО сертификаты, кәдесыйлар, Марал ишанның көк асасы, Керей ерінің түпнұсқасы, Қалқай ишан, Сердалы Бекшорин, Ер Сейтпенбет, Бұқарбай батырдың мөрлерінің көшірмелері де көрмеге келушілер қызығушылығын туғызды.

Сондай-ақ Абайдың 1922 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы мен Қызылорданың астана болған кезеңінің фото және архив құжаттары көрме құндылығын арттыра түсті.

Шығыс Қазақстан облыстық филармониясына жиналған көрерменге өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты.

Аймақ басшысы ұлт руханияты мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің қайнар

1-бет

бастауындағы тұлғалар түлеген Шығыс жұртшылығына ізгі тілегін білдірді.

– Өз заманынан көш ілгері ойлайтын Шәкәрім Құдайбердіұлынан «Сыр – Алаштың анасы» деген нақыл қалған. Қылы заманда, зұлматқа толы күндерде, ақтабан шұбырынды кезеңінде, ел ішін апаршылық жайлағанда бүкіл қазақ баласы көш-керуенінің басын Сырға бұрып, Сырды анасындай паналаған. Сол себепті, Алашқа ана болған Сырдың қазақ үшін орны да, жөні де бөлек.

Күллі түркі әлемінің алтын бесігі саналатын Алтай төріндегі шырайлы шығыс өлкесі – түркілердің сана-сезімін қалыптастырған, рухани ұясында талай ұлы тұлғалар тәрбиеленген қасиетті мекен.

Ырыс аунап, құт қонған Шығыс Қазақстан – қазақ халқының жан дүниесінің тереңдігін айқындайтын киелі өлке.

Шыңғыс тауының бөктерінде ұлы Абайдың 180 жылдығы Президентіміздің қолдауымен жоғары деңгейде атап өтілуі де осының айқын дәлелі.

Мемлекет басшысы «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы» деген болатын.

Баршанызды қазақтың біртуар ұлы ақыны, «адамзаттың Абайы» атанған ағартушы, рухани реформатор Абай Құнанбайұлының жалпыхалықтық тойымен Сыр жұртшылығының, өзіміз атымынан шын жүректен құттықтаймын, – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік басқосула Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрмыбет Сақтағанов өнер күндерін өткізуге бастамашы болған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, атсалысқан өнерпаздарға алғысын жеткізді.

Концертте Қорқыттың сарыны қылқобыздан төгіліп, «Күлтегің» жырының үзіндісі орындалды, көрермен қошеметіне ие болған «Қорқыт-қобыз» әні шырқалды.

«Ұлы дала поэмасы» хореографиялық қойылымын қойған «Томирис» би ансамбліне ерекше құрмет көрсетілді.

Сыр сұлейлерінің толғауларына сусаған көрерменге Нұртуған жыраудың «Өсиеті», Нартай ақының «Өздерің білер Нартаймын», Ақ Кете Шернияздың «Сөз сөйлейін бөлмелеп» термелері ұсынылды.

«Бүлдірген», «Сұрша қыз», «Сырдың қараторғайы», «Ауылың сенің іргелі» сияқты халық әндері, әлемдік классиканың жауһар туындылары орындалды.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**



461.	МОДЕРН СУПЕР 230, к.э.	литр	2 901,00
462.	МОМУС, суда еритін концентрат	литр	2 009,00
463.	МОНБЛАНК, майлы дисперсия	литр	70 000,00
464.	МОНОМАКС, сулы ерітінді	литр	2 946,00
465.	МОРТИРА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
466.	МОСКИТ ПРЕМИУМ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	37 853,00
467.	МОСКИТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	45 915,00
468.	МОЩЬ, сулы ерітінді	литр	2 232,00
469.	МУСТАНГ, 75% сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
470.	МУШКЕТ ПЛЮС, майлы дисперсия	литр	8 000,00
471.	МЭДЖИК, эмульсиялық концентрат	литр	3 013,00
472.	НАНКИНА, сулы ерітінді	литр	1 116,00
473.	НЕКСУС, в.р.	литр	5 446,00
474.	НИКА, к.э.	литр	11 161,00
475.	НОМИНИ 400, суспензия концентраты	литр	112 054,00
476.	НОМИНИ СУПРИМ, суспензия эмульсиясы	литр	25 446,00
477.	НОПАСАРАН, 40% суспензия концентраты	литр	4 750,00
478.	НОПАСАРАН УЛЬТРА, суспензия концентраты	литр	13 296,00
479.	НОРДСТРИМ, в.д.г.	килограмм	23 598,00
480.	НУКЕР ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	2 545,00
481.	НУРЕЛЛ Д, эмульсиялық концентрат	литр	2 545,00
482.	ОБЕРОН РАПИД, суспензия концентраты	литр	20 550,00
483.	ОБСТУМ, 70% в.д.г.	килограмм	3 432,00
484.	ОВЕН, эмульсиялық концентрат	литр	3 572,00
485.	ОВСЮГЕН СУПЕР эмульсиялық концентрат	литр	8 250,00
486.	ОВСЮГЕН ЭКСТРА, эмульсиялық концентрат	литр	7 964,00
487.	ОКСИФЕН 240, эмульсиялық концентрат	литр	4 150,00
488.	ОКТАВА, майлы дисперсия	литр	8 491,00
489.	ОЛИВЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	80 000,00
490.	ОЛРАЙТ 57%, к.э.	литр	3 900,00
491.	ОМАЙТ, 57% В.Э.	литр	3 900,00
492.	ОМЕГА, 50% суспензия концентраты	литр	1 920,00
493.	ОПТИМО, 20% эмульсиялық концентрат	литр	4 000,00
494.	ОПТИМУС ПРАЙМ, к.э.	литр	2 465,00
495.	ОРГАНЗА, суспензия концентраты	литр	7 589,00
496.	ОРИЕНТ 25, м.д.	литр	3 450,00
497.	ОРИКС, эмульсиялық концентрат	литр	4 107,00
498.	ОРУЖИЕ, сулы ерітінді	литр	2 159,00
499.	ОРФЕЙ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	16 451,00
500.	ОЦЕЛОТ, эмульсиялық концентрат	литр	2 879,00
501.	ОЦЕЛОТ ПЛЮС, эмульсиялық концентрат	литр	2 550,00
502.	ПАЛАДИН, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	10 558,00
503.	ПАЛАДИН УЛЬТРА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	34 598,00
504.	ПАНАМЕРА, эмульсиялық концентрат	литр	4 498,00
505.	ПАНТЕРА 4 % эмульсиялық концентрат	литр	1 975,00
506.	ПАРАДОКС, суда еритін концентрат	литр	10 558,00
507.	ПАССАТ 480 сулы ерітінді	литр	1 451,00
508.	ПЕГАС, 13,5% эмульсиялық концентрат	литр	3 125,00
509.	ПЕГАС СУПЕР 7,5% майлы-су эмульсиясы	литр	1 460,00
510.	ПЕНДИМЭКС, эмульсиялық концентрат	литр	2 710,00
511.	ПЕТРА, 5% эмульсиялық концентрат	литр	2 009,00
512.	ПИКСТАР, суспензия эмульсиясы	литр	6 451,00
513.	ПИЛАР 2,4-Д, 72%, сулы ерітінді	литр	1 116,00
514.	Пиларива, к.с.	литр	8 350,00
515.	ПИЛАРДЭН, к.э.	литр	4 050,00
516.	ПИЛАРКИНГ, 20% сулы концентрат	литр	2 240,00
517.	ПИЛАРКЛОТРИН ZC, суспензия концентраты	литр	6 250,00
518.	ПИЛАРОФ, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
519.	ПИЛАРСАТО СУПЕР, в.р.	литр	2 250,00
520.	ПИЛАРТЕП, суспензия концентраты	литр	7 500,00
521.	ПИЛАРФЕНД ZC, м.к.с.	литр	5 045,00
522.	ПИЛАРФЛАМ, к.с.,	литр	5 250,00
523.	ПИЛОТ, сулы-суспензия концентраты	литр	9 194,00
524.	ПИРЕЛИИ, эмульсиялық концентрат	литр	4 433,00
525.	ПИРИНЕКС СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	4 433,00
526.	ПЛУГТЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	21 912,00
527.	Полиан, м.д.	литр	20 000,00
528.	ПРАЙМЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 844,00
529.	ПРЕМИУМ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
530.	ПРИАКСОР, к.э.	литр	10 000,00
531.	ПРИМАДОННА суспензия эмульсиясы	литр	3 554,00
532.	ПРИНЦИПАЛ ПЛЮС, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	22 937,00
533.	ПРИШАНС СУПЕР, с.э.	литр	2 455,00
534.	ПРИШАНС, суспензия эмульсиясы	литр	1 750,00
535.	ПРОГРЕС 720, в.р.	литр	1 116,00
536.	ПРОГРЕСС ГРАНД, эмульсиялық концентрат	литр	2 946,00
537.	ПРОГРЕСС, эмульсиялық концентрат	литр	1 384,00
538.	ПРОГРЕСС УЛЬТРА, эмульсиялық концентрат	литр	2 946,00
539.	ПРОЗАРО КВАНТУМ, эмульсиялық концентрат	литр	6 490,00
540.	ПРОКЛЭЙМ ФИТ 450, суда еритін түйіршіктер	килограмм	25 500,00
541.	ПРОКСИМУС, эмульсиялық концентрат	литр	5 342,00
542.	ПРОПИКОН, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
543.	ПРОПИШАНС, эмульсиялық концентрат	литр	3 348,00
544.	ПРОПИШАНС СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	4 420,00
545.	ПРОПИШАНС УНИВЕРСАЛ, к.м.э.	литр	3 661,00
546.	ПРОПОНИТ ДУО, эмульсиялық концентрат	литр	5 804,00
547.	ПРОТЕУС, майлы дисперсия	литр	5 029,00
548.	ПРОТОКОЛ, эмульсиялық концентрат	литр	9 924,00
549.	ПРОФЕССОР, эмульсиялық концентрат	литр	5 450,00
550.	ПРОФИТ, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
551.	ПУЛЬСАР, 4% сулы ерітінді	литр	3 000,00
552.	ПУМА СУПЕР 100, 10% эмульсиялық концентрат	литр	2 025,00
553.	ПУМА-СУПЕР 7,5%, майлы-су эмульсиясы	литр	1 460,00
554.	ПУНТО ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	20 000,00
555.	РАКУРС, суспензия концентраты	литр	16 072,00
556.	РАЛИД 300, сулы ерітінді	литр	5 050,00
557.	РАЛИД ЭКСТРА суда еритін түйіршіктер	килограмм	7 620,00
558.	РАПИРА, 4%, к.э	литр	1 975,00
559.	РАСТ, суспензия эмульсиясы	литр	4 200,00
560.	РАТНИК, эмульсиялық концентрат	литр	3 900,00
561.	РАУНД 80 % в.д.г.	килограмм	4 250,00
562.	РАУНДАП Пауэр, в.д.г.	килограмм	4 500,00
563.	РАУНДАП ФЛЕКС, в.р.к.	литр	1 451,00
564.	*РАУНДАП ЭКСТРА 54% сулы ерітінді	литр	1 277,00
565.	Регион Экстра, в.р.	литр	1 741,00

566.	*РЕГЛИОН ФОРТЕ 200, сулы ерітінді	литр	2 135,00
567.	Регион Эйр 200 в.р.	литр	2 135,00
568.	РЕЙВ, суспензия концентраты	литр	6 875,00
569.	РЕЙНБОУ 25 ОД, майлы дисперсия	литр	3 450,00
570.	РЕЙНВЕЛ, сулы ерітінді	литр	2 768,00
571.	РЕЙНДЖЕР, суспензия концентраты	литр	5 357,00
572.	РЕКС ДУО, 49,7% суспензия концентраты	литр	6 250,00
573.	РЕМИ 2.0, к.с.	литр	4 415,00
574.	РЕПЕР коллоидты ерітінді концентраттары	литр	6 857,00
575.	РЕПЕР ТРИО, майлы дисперсия	литр	17 382,00
576.	РЕСПЕКТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
577.	РЕСПЕКТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	19 712,00
578.	РЕСТРИКТ, в.д.г.	килограмм	42 250,00
579.	РИДАУТ, сулы ерітінді	литр	1 600,00
580.	РИДЕЛЬ, суспензия концентраты	литр	9 208,00
581.	РИДОВЕР ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	3 168,00
582.	РИД ЭВЕЙ, сулы ерітінді	литр	1 277,00
583.	РИМУС 25%, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	10 000,00
584.	РИСОВОД, м.д.	литр	12 500,00
585.	РИСТОКС, м.д.	литр	9 000,00
586.	РИСУЛАМ 250, суспензия концентраты	литр	8 250,00
587.	РИХТЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 190,00
588.	РОБУСТО СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	1 384,00
589.	РОГОР-С, эмульсиялық концентрат	литр	2 188,00
590.	РОКИ, эмульсиялық концентрат	литр	4 150,00
591.	РОНИН, эмульсиялық концентрат	литр	2 450,00
592.	РОНФОС, эмульсиялық концентрат	литр	7 096,00
593.	РУБИКОН, суспензия концентраты	литр	1 920,00
594.	САЛЬВО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
595.	САЛЬСА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	63 616,00
596.	САМБО 315, эмульсиялық концентрат	литр	12 500,00
597.	САМУРАЙ СУПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
598.	САМУРЫК 400, коллоидты ерітінді концентраттары	литр	4 560,00
599.	САННИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
600.	*****САНСЭР КОМБИ, суспензия концентраты	литр	8 594,00
601.	САНСЭР, суспензия концентраты	литр	8 348,00
602.	САНСЭР УЛЬТРА, к.с.	литр	11 295,00
603.	САНФЛО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
604.	САНШАЙН, сулы ерітінді	литр	3 000,00
605.	САПФИР, в.р.	литр	2 768,00
606.	САРМАТ, суспензия концентраты	литр	1 920,00
607.	САРМАТ ЭКСТРА 54%, сулы ерітінді	литр	1 277,00
608.	САРРЕНДЕР, суда еритін түйіршіктер	килограмм	5 862,00
609.	САФАРИ, майлы дисперсия	литр	8 438,00
610.	САФАРИ ФОРТЕ, м.д.	литр	7 379,00
611.	СВАРОГ, с.э.	литр	3 600,00
612.	СЕКАТОР ТУРБО, майлы дисперсия	литр	9 799,00
613.	СЕКАЧ, м.д.	литр	9 799,00
614.	СЕКТОР, к.э.	литр	2 545,00
615.	СЕЛЕКТ, эмульсиялық концентрат	литр	3 125,00
616.	СЕЛЕНИТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	49 107,00
617.	СЕЛЕНИТ ПРО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	28 728,00
618.	СЕЛЕНИТ ФОРТЕ , в.д.г.	килограмм	17 679,00
619.	СЕРАПЕН ПЛЮС, к.э.	литр	6 625,00
620.	СЕРП, в.р.к.	литр	2 305,00
621.	СИКУРС, суспензия концентраты	литр	11 920,00
622.	СИМБА, эмульсиялық концентрат	литр	3 250,00
623.	СИРОККО, эмульсиялық концентрат	литр	2 188,00
624.	СКАЙСТАР, суспензия концентраты	литр	4 911,00
625.	СКАЛЬПЕЛЬБ 250, суспензия концентраты	литр	3 215,00
626.	СКАРАБЕЙ, с.э.	литр	13 527,00
627.	СКАУТ ПРО, к.э.	литр	7 857,00
628.	СКАУТ УЛЬТРА, эмульсиялық концентрат	литр	6 696,00
629.	СКАУТ ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	5 500,00
630.	СКУТУМ, с.к.	литр	13 438,00
631.	СМАРАГД, эмульсиялық концентрат	литр	4 051,00
632.	СМАРАГД ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
633.	СМЕРЧ, сулы ерітінді	литр	1 277,00
634.	СМИЛОДОН, к.э.	литр	7 652,00
635.	СНАЙПЕР, в.д.г.	килограмм	6 844,00
636.	СОВОЛЬ, сулы эмульсия	литр	2 025,00
637.	СОЛАМ, суспензия концентраты	литр	3 750,00
638.	СОЛЕКС, сулы ерітінді	литр	2 232,00
639.	СОЛЕКС ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	2 946,00
640.	СОЛИГОР, эмульсиялық концентрат	литр	5 940,00
641.	СОЛИТО 320, эмульсиялық концентрат	литр	5 175,00
642.	СОЛЬВЕР, эмульсиялық концентрат	литр	4 195,00
643.	СОИДЕЛЕКТ, эмульсиялық концентрат	литр	4 924,00
644.	СОНРАУНД 48%, сулы ерітінді	литр	1 600,00
645.	СОНРАУНД СТАР, 77% сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	3 857,00
646.	СПАЙДЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
647.	СПАРРИНГ, м.д.	литр	11 031,00
648.	СПИРИТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
649.	СПИРИТ ЛАЙТ, сулы ерітінді	литр	3 609,00
650.	СПИРИТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	28 728,00
651.	СПОРТАК, сулы ерітінді	литр	4 100,00
652.	СПОРТАК УЛЬТРА, сулы ерітінді	литр	1 645,00
653.	СПРИНТ 240, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
654.	*СПРУТ ЭКСТРА, сулы ерітінді	литр	1 295,00
655.	СТАЗИС, эмульсиялық концентрат	литр	4 688,00
656.	СТАНИС ПРО, в.д.г.	килограмм	54 018,00
657.	СТАРАНЕ ПРЕМИУМ 330, эмульсиялық концентрат	литр	2 000,00
658.	СТАТУС ГРАНД, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	24 511,00
659.	СТАТУС ФЛО, суспензия эмульсиясы	литр	3 125,00
660.	СТАУТ, суспензия концентраты	литр	2 411,00
661.	СТИЛЕТ, майлы дисперсия	литр	20 670,00
662.	СТИМУЛ, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
663.	СТИРАП, 45% сулы ерітінді	литр	5 040,00
664.	СТОП ,33% эмульсиялық концентрат	литр	2 500,00
665.	СТОУН 300, в.р.	литр	5 050,00
666.	СТРАГЛ, сулы концентрат	литр	2 240,00
667.	СТРАТЕГО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
668.	СТРАТОС УЛЬТРА, 10 % эмульсиялық концентрат	литр	3 527,00
669.	СТРИГ, 72 % сулы ерітінді	литр	1 116,00
670.	СТРИГ ЭКСТРА 480, сулы ерітінді	литр	1 563,00

671.	СТРОБИШАНС ПРО, суспензия концентраты	литр	4 911,00
672.	СТЭЙТ, м.к.с.	литр	7 400,00
673.	СУНКАР 400, к.к.р.	литр	4 560,00
674.	СУПЕР АЛЬЯНС, к.э.	литр	2 901,00
675.	СУПЕРКОРН, майлы дисперсия	литр	9 509,00
676.	СУПЕРМЕН, в.р.	литр	1 116,00
677.	СУПЕРМЕТ ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	6 844,00
678.	СУПЕРСТАР, суспензия концентраты	литр	4 911,00
679.	*СУХОВЕЙ, сулы ерітінді	литр	1 741,00
680.	СЭМПАЙ, эмульсиялық концентрат	литр	4 902,00
681.	Сэнтнум 600, в.р.	литр	8 348,00
682.	СЭНТИУМ, сулы ерітінді	литр	5 050,00
683.	ТАЙГЕР ЭКСТРА, суда еритін түйіршіктер	килограмм	8 844,00
684.	ТАЙГЕР, э.м.в.	литр	2 550,00
685.	ТАЙПАН, эмульсиялық концентрат	литр	6 607,00
686.	ТАЙРА, эмульсиялық концентрат	литр	3 795,00
687.	ТАЛАКА 100, к.э.	литр	2 025,00
688.	ТАЛАНТ, майлы дисперсия	литр	3 450,00
689.	ТАЛГАМ 240, к.э.	литр	2 388,00
690.	ТАМПИЛЕР, м.д.	литр	9 612,00
691.	ТАНДЕМ ПРО, коллоидты ерітінді концентраттары	литр	4 560,00
692.	ТАНРЕК, суда еритін концентрат	литр	2 240,00
693.	ТАНТО, коллоидты ерітінді концентраттары	литр	8 982,00
694.	ТАПИРОШАНС, суда еритін концентрат	литр	2 305,00
695.	ТАУЭРСПРЕЙ, 85% эмульсиялық концентрат	литр	1 518,00</



Еліміздің өткен өміріне көз жіберер болсақ, екінші Дүниежүзілік соғыстың отты жолдары еске түсетіні белгілі. Бұл бүкіл халықтың басына туған қиын-қыстау кезең еді. Әйтсе де майдандағы жауынгерлер мен тылдағы еңбеккерлер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жауды жеңу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады.

Адал еңбек арқауы

Тылдағы еңбеккерлер жоғарыдан берілген жоспарды орындау жолында күні-түні аянбай тер төкті. Майдан мен тылдың бірдей қимыл-әрекеті, толассыз еңбегі Ұлы Жеңісті жақындатты. Сол бір қиын жылдардың ізі ел жадынан әлі күнге дейін өшкен жоқ. Соғыс өртінің шарпуы тимеген шаңырақ болмады. Майдан мен тыл деген тек атауы ғана өзгеше еді. Бірі – қолына мылтық ұстап соғысты, екіншісі – мылтықсыз майданда еңбек етті. Екеуі де жанкешті күрес болатын. Сондықтан да тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі зор. Олар соғыс күндерінің барлық ауырталықтарын қажыр-лылықпен көтеріп, Отанға деген адалдық үлгісін көрсетті.

Осындай тыл ардагерлерінің бірі – Нұртай Штатбаев соғыстың қиын кезеңінде еңбектің ащы дәмін, заманының тауқыметін тартқан жан. Бұғанасы қатпаған жасөспірім тылдағы жұмысқа ерте араласты. Сұрапыл соғыс жүріп жатқан кезде 14 жастағы бозбала Жосалы теміржол бөлімшесіне жұмыс сұрап келеді.

Бөлімше бастығы арықша келген бозбаланы сынамақ болып: – Егер шпалды көтерсең аламын, – дейді.

Бала Нұртай ауыр шпалды иығына қиналмай арта салады. Бұл оның еңбек жолының бастамасы болды. Теміржол рейстерін тексеруші болып орналасқан ол жұмысқа жауапкершілікпен кіріседі. Өйткені аз ғана ақаудың өзі талай өмірді жалмайтын апатқа алып келуі мүмкін еді. Бір жолы ол рельстегі жарықты дер кезінде анықтап, әскери құрамның апатқа ұшырауын болдырмады. Тағы бірде пойыздан түсіп қалған ауыр қорғасын шеңберін тауып, оны теміржол бойымен домалатып, депоға жеткізеді.

Жоғары жауапкершілігінің арқасында бір жылдың ішінде теміржол бақылаушысы болып жоғарылайды. 16 жасында ол құрамында қариялар мен әйелдер, қыздар бар бригаданы басқарады. Олардың еңбегі майданға азық-түлік, қару-жарақ, жаралыларды жеткізу ісінде аса маңызды болды.

Соғыстан кейін теміржолдан қол үзбеді. 1951 жылы Ақтөбе теміржол көлігі техникумының жанындағы техникалық мектепті бітіріп, білімін шындайды.

1951-1955 жылдары ол Орынбор теміржолының Ордасы балласт карьерінде жол бригадирі әрі тепловоз машинисі болып еңбек етті. Төзімділігі, тәртіптілігі мен техникаға жетіктігі оны үздік мамандардың қатарына қосты. 1954 жылы КСРО Көлік министрлігі тарапынан «Үздік теміржолшы» төсбелгісімен марапатталды.

Ордазыдағы тиеу бекеттерінің бірінде Нұртай экскаватор машинисі Алексей Викторовичпен танысты. Бұл адам тек ұстаз ғана емес, жаңа өміржолының бастаушысы болды.

Оның басшылығымен алып экскаваторды меңгере бастайды. Техникаға деген қызығушылығы артып, әрбір механизмнің жұмыс істеу қағидасын терең зерттеді. 1954 жылы ол экскаватор машинисі мамандығын ресми түрде алып шығады.

1955 жылы Төретам аймағында Байқоңыр ғарыш айлағының құрылысы басталады. Бұл құрылысқа қажетті шағылтасы дәл осы Ордасы карьерінен жеткізіліп отырды. Нұртай сол тастарды тиеп, ауыр еңбек жағдайында шаң, ыстық пен тоқтаусыз жұмыс ауысымдарында міндетті абыроймен атқарды.

1955-1961 жылдары РСФСР-дің Чкалов облысы Павлов ауданындағы Каргалин машиналар мен тракторлар станциясында (МТС) экскаватор машинисі болып еңбек етті. Кейіннен Ордасы карьеріндегі №01086 әскери бөлімде қызметін жалғастырды. Оның техникалық білімі мен тәжірибесі әрдайым жоғары бағаланды.

1961 жылы «Қызылордаводстрой» тресінің Қармақшы экскаватор бөлімшесінің ПМК-30-ында аға экскаватор машинисі қызметіне ауысты. Ол кезде елде суармалы егіншілікті, күріш және мал шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін арттыру міндеттері қойылған болатын. Экскаваторшы мамандар қатты тапшы еді. Облыстық және аудандық газеттерде жастарды жаңа мамандықтарды меңгеруге шақырған хабарландырулар көптеп жарияланды. Осындай күрделі кезеңде Нұртай Штатбаев көмекке келді.

ПМК-30 ұжымы суару каналдарын қазып, жерді мелiorациялап, егістік алқаптарын тегістеумен айналысты.

Жұмыс ең ауыр жағдайларда – аптап ыстықта да, сары аязда да үйден алыс шалғайда жүргізілді. Ол ешқашан сағат санамады, ауа райының қиындықтарына мойынады. Э-652, Э-1252, Э-10011 экскаваторларын, Д-130 бульдозерлерін, скреперлерді шебер басқарды. Әсіресе, жүк арқалаған драглайн экскаваторларымен жұмыс істеуде шеберлік танытты. Мұндай техниканы жүргізу үшін ерекше сезімталдық, дәл есеп пен шеберлік қажет еді. Өзінің білгенін кейінгі буынға үйретіп, ұстаз болды. Кадрлардың маңыздылығын терең түсініп, алғашқы бригадасын құрды. Оның құрамында Өтеш Құдайбергенов, Қазақбай Құрғанбаев және басқа да жас мамандар болды. 20-дан астам шәкірті Нұртай Штатбаевтың шеберлік мектебінен өтіп, ауыр техникамен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгерді.

Оның ұлдары Ақылбек пен Бердібек те әке жолын қуып, экскаваторшы мамандығын игерді, жоғары шеберлікке қол жеткізіп, отбасы дәстүрін лайықты жалғастырды. Жанқиярлық және жемісті еңбегі, жұмысқа адал көзқарасы, Қызылорда өңірі мен еліміздің халық шаруашылығының дамуына қосқан елеулі үлесі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі тәлімгерлік еңбегі және ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін Нұртай Штатбаев КСРО мен Қазақ КСР-нің жоғары мемлекеттік наградларымен марапатталды. «Құрмет белгісі» орденін, «Ерен еңбегі үшін» медалін, «Облыстың үздік құрылысшысы» атағын иеленді.

1991 жылдың қазан айында құрметті еңбек демалысына шыққан соң бір жылдан кейін 63 жасында өмірден өтті. Жұбайы Жібек Қарықзымен бірге бес бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардың ұрпағын 14 немере мен 27 шөбере жалғастырып отыр.

Ол шәкірттерімен бірге жүргізген каналдар бүгінгі күнге дейін Қызылорда өңірінің егін алқаптарын сумен қамтамасыз етіп, маңдай термен жасалған еңбектің жемісі болып келеді. Нұртай Штатбаевтың өміржолы – еңбекке адалдықтың, шеберліктің, тәлімгерліктің және туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ЖЕТІСТІК НЫШАНЫ



Қайнаған тіршілік. Алып техникалар өз қызметін атқаруда. Жол толық сүріліп, қайта төселуде. Құлақ тұнар шудан адамдар бірін-бірі естімейді. Тек шаруаларын тыңғылықты істеуде. Жалпы бұл көшенің бойында кәсіпкерлік, өндірістік нысандар көптеп орналасқан. Сондықтан жолдың жөнделгеніне кәсіп иелері дән риза. Құрылыс заттарын сататын шағын базарда жұмыс істейтін Олжас Танатов бұл жолдың маңызы зор екенін айтты.

– Мұнда келушілер өте көп. Күнделікті қаншама көлік қатынайды. Осы бағытта ірілі-ұсақты өндірістер де бар. Жолдың жайы көңіл көншітпейтін еді. Ақ шаны көтеріліп жататын. Жақында жөндеу жұмысы басталғанда қуанып қалдық, – дейді ол.

Ал құрылыстың жайын бізге аумақ басшысы Марат Серкешбаев баяндады. Жауапты маман жол жөндеу жұмыстарына тамыз айының басында кіріскенін айтты. Құрылысқа 60-қа жуық техника жұмылдырылған.

– Қазір М.Шокай көшесінде күрделі жөндеу жұмысы жүруде. Бейбарыс

Сұлтан тұйығынан А.Айдосов көшесі аралығы бұрын екі жолақты болса, қазір төрт жолақты етіп кеңейтілуде. Оның 700 метрі төрт жолақты болса, 1300 метрі екі жолақты болады. Оң жақ бөлігіне жаяу жүргіншілер жолы салынады. Оның ені екі метр. Сондай-ақ жарықтандыру жұмыстарын жүргіземіз. Ескі бағаналардың бәрі де жаңаға ауыстырылады. Бұл жұмысқа 2 тегістейтін техника, 3 бульдозер, 2 экскаватор, 3 каток, 2 үлкен дөңгелекті көлік және тасымалға байланысты 12 жүк көлігі қамтылған. Шикізаттың бәрі де өзімізден. Тек құм аралас тас Шалқиядан тасымалданады. Жұмыс таңертең 7-де басталып, кешкі 7-ге дейін жалғасады. Техниканың бәрі де соңғы үлгідегі, жаңа. Тыңғылықтың істің нәтижесінде межелі уақыттан бір ай бұрын тапсырамыз деп отырмыз. Осыған дейін біздің мекеме қаншама көшелер мен көпірлерді жөндеді. Сапасы жақсы. Жол сапасын зерттеу ортағылығымен бірлесіп жұмыс істейміз, – дейді ол.

Жолдың жөнделгені жұртшылықтың игілігі деген Бақытбек Пазылбеков мекемеде оператор болып жұмыс іс-



Сұрамды түсірген Н.Нірозбаевтың

тейді. Әке жолын жалғаған ол трактор айдауды бала кезден бастапты.

– «Қыран» мекемесінде 19 жылдан бері еңбек етіп келемін. Мамандығым жол-көлік саласының қызметкерімін. Бастапқы кезде ауыр жүк көлігін айдадым. Қазір жол тегістейтін техниканы тізгіндеймін. Жолдың құрылысы басталғанда алғы шепте тұрамыз. Себебі ең бірінші топырақты тегістейтін осы құрылғы.

Көктемнен бастап тынымсыз жұмыс істеп келеміз. Қазір қала көшелерінің сапасы әлдеқайда жақсарды. Техниканың да мүмкіндігі мол, соңғы үлгідегі. Мәселен, мен айдайтын көлік автоматтандырылған. Мекеменің техникалық базасы жаңарған. Сол себепті жұмыс өнімді, – дейді ол.

Расында, техника автоматтандырылған, жұмыс күші толық болса істің жандарың сөзсіз. Қарапайым жұмысшы азаматтардың арқасында қаншама көше күрделі, орташа жөндеуден өтіп, өңірдің келбеті жаңаруда. Ал жанару сенімді бекемдей береді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

«Қызылорда облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын су мен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсуудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту» Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №82 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсуудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту» Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №82 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізгінінде №26083 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тлеумбетов

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫНА 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанның жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Бұл кодекс жеке тұлғалардың салық салу жүйесіне, салықтарды төлеу ережелеріне және берешектерді өндіріп алу шараларына ауқымды өзгерістер әкелетіні сөзсіз.

Ең маңызды жаңалықтардың бірі – жеке табыс салығында прогрессивті салық шкаласының енгізілуі.

Жылдық табысы айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 8500 (шамамен 33,4 млн теңге) есесіне дейінгі жеке тұлғалар 10% мөлшерлемен салық төлейді, ал одан асқан табыстарға 15% мөлшерлеме қолданылады. Бұл өзгеріс салық әділдігін арттыруға және төмен табысты азаматтарға түсетін салықтық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, салық шегерімдері қайта қаралды: стандартты салықтан босатылатын ай сайын 14 АЕК-тен 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылды, бұл айына 140 мың теңгеге дейін жалақы алатын

қызметкерлерді жеке табыс салығынан толық босатады.

Әлеуметтік осал топтарға, атап айтқанда, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін 5000 еселенген АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтық шегерімдерді рәсімдеу жүйесі де жеңілдетілді, енді оқу, емделу немесе ипотека бойынша құжаттар ұсынудың орнына бекітілген стандартты шегерім қолданылады.

Жеке тұлғаларға салық жүктемесін төмендету мақсатында зейнетақы төлемдерін, оның ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін салық салудан босату көзделген.

Жаңа кодекс күшіне енгенге дейін азаматтарға қолданыстағы салық міндеттемелерін уақытылы орындау қажет.

Әлия ҚАЛIEBA,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірдістер департаменті, Тапдау және тәуекелдер басқармасының бас маманы

«QazaqGaz Aımaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушыларының назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2025 жылдың 19 қыркүйегіндегі №43-03-10/641 хаты негізінде «QazaqGaz Aımaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2025 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 1000 м³ үшін төмендегіні құрайды:

ҚҚС есебінсіз			
№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгейі
I топ	Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай тұтынудың (халық)	теңге/1000 м³	15 733,93
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	теңге/1000 м³	18 175,63
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	теңге/1000 м³	21 496,03
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтынудың (халық)	теңге/1000 м³	19 623,15
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	23 091,36
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	21 496,03
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	39 086,44
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	7 174,16
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	теңге/1000 м³	60 506,44
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	теңге/1000 м³	60 506,44
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алудымен			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	21 544,31
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	теңге/1000 м³	23 986,01
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	теңге/1000 м³	27 306,41
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтынудың (халық)	теңге/1000 м³	25 433,53
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	28 901,74
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	27 306,41
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	теңге/1000 м³	44 896,82
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	12 984,54
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	теңге/1000 м³	66 316,82
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	теңге/1000 м³	66 312,82

«QazaqGaz Aımaq» АҚ ҚОҒ Әкімшілігі

/// МЕРЕЙ

Ғ.ҚҰЛЖАНОВ ШЫҚҚАН БІР БИІК

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, театр және кино актері, жерлесіміз Ғани Құлжанов биыл өмір белесінің асқаралы асуын бағындырып, 60 жасқа толды.

Ол Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде, қазіргі Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының актерлік бөлімінде оқып, КСРО халық артисі, профессор Ш.Жандарбекова мен Қазақстанның халық артисі, профессор Т.Мейрамовтың класын бітірген.

Жас актердің өнер жолындағы алғашқы қадамы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрынан бастау алды. Ең алғаш М.Мақатаевтың «Қош, махаббат!» қойылымындағы Айбар рөлімен шықса, одан кейін Ж.Аймауытовтың «Ақбілегінде» Мұсабай, Ә.Кекілбаевтың «Абылайханында» Әбілмансұр, Г.Гауптманның «Ымырттағы махаббат» спектаклінде Э.Кларот, Ысқаков пен Шахмарденнің «Қазақтарындағы» Қасымхан, Д.Исабековтың «Әпкесінде» Омар, Қ.Аширдың «Қабыл адам Ата перзенті» спектаклінде Абыл бейнелерін сомдады. 2007 жылы Астана қаласы әкімдігінің шақыртуымен Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрына актер ретінде қабылданып, осындағы Жастар театрының директоры қызметін атқарды.

Айта кетейік, театр қабырғасында жас актердің бағын ашқан образ – белгілі жазушы, драматург Р.Мүқанованың «Мәңгілік бала бейне» спектакліндегі Құмар рөлі. Осы рөлді сәтті сомдағаны үшін 1998 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері атанды. Ал кино әлемінде «Тоғысқан тағдырлар» сериалындағы Жаһангер, «Қара шегіртке» сериалындағы Диас рөлдерімен көпшілікке кең танылды. Сонымен қатар, Ғани Құлжановтың «Азия дауысы», «Жас қанат», «Жұлдыздар құттықтайды» сияқты өнер байқаулары мен мерекелік іс-шаралардың тұрақты жүргізушісі ретінде танымыз.

Танымал актер, Қазақстанның еңбек



сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Ғани Құлжанов туған жері – Сыр еліне келіп, халықпен кездесті. Атап айтсақ, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры сахнасында Дональд Кобурнның «Ойыннан от шығар» атты трагикомедиясы сахналанып, спектакльде басты рөлдерді сомдаған Жастар одағы сыйлығының лауреаттары Ғани Құлжанов пен Нұржан Бексұлтанова көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленді.

Мерейтой иесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Ғани Құлжановтың шығармашылық кеңі актердің туын-өскен жері Жалағаш ауданында жалғасты. Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен мерекелік кеште облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев мерейтой иесіне облыс әкімінің құттықтауын табыстаса, аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан жұршылығының атынан құрмет білдірді.

Ғаиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

АЙТЫСТЫҢ АҚТАҢГЕРІ



«Оян, қазақ!» деп халқының жарқын болашағын көксерген Алаштың дана да дара ақыны Міржақып Дулатовтың мерейлі күні Торғай жерінде кең көлемде мерекеленді.

Әуелі Қостанайда Алаш қайраткерінің ескерткіші бой көтерді. Мұнан әрі «Ұлы дала жорығы» республикалық ат марафоны басталды. «Тобыл-Торғай даласын дүбірлеткен марафоншылар бес күнде 500 шақырымды жүріп өтті.

Мерекенің ең жарқын сәтінің бірі «Ұлт руханиятының шамшырағы» атты ақындар айтысы болды.

Шашасына шаң жұқтырмайтын сөз жүйрігі Мұхтар бұл айтыс аламында да алқынбай мәре қиды. Бас жүлдеге берілген «Jetour X50» автокөлігін жеңімпазға Қостанай облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов табыстады.

Екінші орынның 2 млн ақшалай жүлдесін тағы бір жерлесіміз, «Алтын домбыра-2024» сыйлығының иегері Мейірбек Сұлтанхан еншіледі.

Өткен аптада ғана грек-рим күресінен ел құрамасының мүшесі, біздің жерлесіміз Айдос Сұлтанғали Хорватияда өткен Әлем чемпионатында алтын медальға қол жеткізген болатын. Бұл осы күрес түрінен Қазақстан қоржынына 26 жылдан кейін түскен алтын еді.

Сыр елінің осы қуанышын бәйгеге қосқан қос ақымымыз еселеп, тағы да төбеміз көкке жеткендей болып отырымыз.

Жеңістеріміз құтты болсын, Сыр елі!

«СБ» руханият

1-бет

ЕЛ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН АЙДОС

Дүбірлі дода жерлесіміз үшін оңайға соққан жоқ. Іріктеу кезеңінен іркілмей өткен Айдосқа жартылай финалда грузиялық Амиран Шавадзе жолықты. Белдесу барысында қарсыласы алғашқы минуттан ұпай санын молайтуға тырысты. Тіпті қазақстандық балуан оған 1:2 есебімен есе жіберіп жатқан еді. Жеңістің қолдан сусып бара жатқанын түсінген ол намысқа тырысты. Нәтижесінде екі тиімді әдісті өзінің пайдасына жазды. Грузиялық балуанды айқын басымдықпен 8:2 есебімен жеңді. Ал финалда Айдос өзбекстандық Алишер Ганиевтің осал тұсын тапты. Осылайша оның есімі қазақ спортының тарихында алтын әріппен жазылды.

Айдос Сұлтанғали 1996 жылы 7 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Оған Виктор Юн және Ғабиден Райымбек сынды бапкерлер тәлім берді. Жастар және жасөспірімдер арасындағы түрлі бәсекелерде топ жарған жерлесіміз 2018 жылы Әлем чемпионатында қола медаль алған еді. Сол жетістігін 2022 жылы тағы бір мәрте қайталады. Сондай-ақ оның еншісінде 2021 жылғы Азия чемпионатында алған алтын медаль бар.

Жерлесіміз грек-рим күресімен екінші сыныптан бастап шұғылданып келеді. Осы уақыт аралығында тек чемпион болуды алдына мақсат етті. Оның есімі күрес әлемінде ерте танылды. Ол 2018 жылы 22 жасында Будапештте өткен Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған еді.

– Мен ұлымның жеңіске жететініне сендім. Қазір мол тәжірибе жинаған уақыты ғой. Десе де әлем чемпионатында оған мықты қарсыластар тап болды. Расын айтайын, көңілде үміт пен сенім қатар тұрды. Әрбір жарысқа аттанар сәтте ұлымды әуежайға дейін шығарып салып, ақ батамды беремін. Күн-түні тілеуін тілеймін, – дейді әкесі Сұлтанғали Кеулімжаев.

Айта кетсек, елдің абыройын асырған даңқты балуанымыз бүгін, 23 қыркүйекте туған жерге оралады. Оны спорт саласының мамандары, жанкүйерлер сән-салтанатпен қарсы алмақ.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

«Қазгермұнай» БК» ЖШС келісім-шарт аумағында орналасқан «Нұралы» кен орнындағы оқу-жаттығу полигонында оқу-жаттығу жиыны өткізілді. Оған өңірдегі мұнай-газ саласына қызмет көрсететін «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметі республикалық орталық штабы» ЖШС «АқБерен» Қызылорда филиалы, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Қызылорда филиалының кәсіби өртке қарсы қызметінің жеке құрамы, «KMG-Security» ЖШС күзет бөлімі және «Интертич» ЖШС жедел жәрдем қызметінің мамандары қатысты.

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ МАҢЫЗДЫ



Оқу-жаттығу жиынына «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры Зияш Қияқбаев, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы міндетін атқарушы Мадияр Мырзагелдиев жетекшілік етті.

Оқу-жаттығуда авариялық-құтқару операциясының 2 нұсқасы көпшілік назарына ұсынылды. Алғашқысында оқу ұңғымасында өндіру кезінде болған газ-мұнай шығындысы фонтанының имитациясы, зардап шеккен адамды эвакуациялау, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету жағдайына назар аударылды. Сондай-ақ авариялық ұңғыманы тексеру және газбен ластану аймағының шекарасын анықтау, арқан жабылғының көмегімен ұңғыма сағасына фонтандық арматураны орнату іске асты.

Екінші кезеңде технологиялық мұнай-газ құбырындағы газ жарылуын жою ескерілді.

Оқу-жаттығу жиыны барысында нақты жағдайда қауіпті өндірістік нысандардағы (газ және мұнай ұңғымалары) техногендік сипаттағы туындаған төтенше жағдайларды жою үшін жедел штаб құрылды. Оған басшылық жасайтын мамандар тағайындалды. Олар жедел топтардың әрекетіне жетекшілік етті.

Жедел құрам жұмысты жүргізудің қауіпсіз шарттарының талабына сәйкес жабдықталды. Мамандар арнайы қорғаныш киімі мен аяқ киім, қасқа мен көзілдірік, қолғап, монтаждау белдігі, құлаққап, арнайы жылу-гидро-химқорғаныш киімі, жеке портативті газ анализаторлары, ауа-тыныс аппаратымен қамтамасыз етілді.

Апатты жою жұмысы басталар алдында жедел топ қауіпсіздік шарасын сақтау бойынша міндетті

түрде нұсқаулық өткізді. Оларға жедел тапсырмалар беріледі. Қолданылатын әдістер, жабдықтар, құрылғылар мен құралдар анықталды. Барлық қызмет пен құрылым мамандары сапқа тұрып, одан кейін оқу-жаттығу басталды.

Алдымен «КӨАҚҚ РОШ» ЖШС «АқБерен» Қызылорда филиалының жедел тобы «Фонтандық арматураның герметикасы бұзылып, ашық фонтанға ауысуы кезінде оны ауыстыру» қойылымын көрсетеді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС кезекші пультіне «Нұралы» кен орнындағы ұңғымаларды айналып өту кезінде 153 оқу ұңғымасында фонтандық арматураның фланецтік қосылыстарының герметикасының бұзылғаны және мұнай-газ флюидінің шығарылып жатқаны туралы хабарлама келіп түсті. Оператор оны тиісті мамандарға баяндады. Дабыл сигналын алғаннан кейін «АқБерен» жедел тобы мен «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Қызылорда филиалы кәсіби өртке қарсы қызметінің жеке құрамы апат орнына жетті. Келесі кезекте штаб құрылғаннан кейін жедел штаб бастығы келген бөлімшелердің басшыларына авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге жауынгерлік тапсырма берді. Жұмыс барысында басқа да әрекеттер орындалды.

Одан кейінгі іс-әрекетті «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Қызылорда филиалы кәсіби өртке қарсы қызметі жалғастырды. Олар газ-мұнай шығындысы барысында өрттің алдын алу мақсатында ұшқының әсерінен болатын жалынға тосқауыл болу үшін екі өрт сөндіру окпанымен ұңғымаға су берді.

Апаттық нысанды тексеру кезінде газ өлшеу буыны ұңғыма сағасынан ес-түссіз жатқан және

аяқ-қолы зақымдануы мүмкін зардап шеккен адамды тауып, оны қауіпсіз орынға эвакуациялады. Осындай жедел әрекет нәтижесі бойынша төтенше жағдай зардабы толықтай жойылып, мамандар жоспарланған жұмысты толықтай жүзеге асырды.

Келесі авариялық жағдай магистральдық мұнай құбырында герметиканың бұзылуына байланысты болды. Құбырда белгісіз себеппен ақау пайда болып, ол арқылы мұнай қоршаған ортаға ағып жатқаны көрініс берді. Мұнай құбырының операторлары қысымды төмендету үшін өнімдерді айдауды апаттық жағдайда тоқтатты. Оқу-жаттығу жиыны барысында «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС Қызылорда филиалының кәсіби өртке қарсы қызметінің жеке құрамы жауынгерлік өрістету жүргізіп, өртті болдырмау үшін екі өрт сөндіру окпанымен ұңғымаға су құюды бастады. Нәтижесінде мамандар тиісті қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, төтенше жағдайдың алдын алды.

– Ұңғымаларды салу тәжірибесі көрсеткендей, бұл процестерді білмеу және оларды басқара алмау көбінесе кәдімгі газ-мұнай-су көрінісінің ашық фонтанға ауысуына әкеледі. Ал бұл бұрғылау барысындағы апаттың ең күрделі түрі ретінде бағаланады. Апатты жою үлкен қаражат пен ұзақ уақытты талап етеді, – дейді мамандар.

Оқу-жаттығу жиынында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы міндетін атқарушы Мадияр Мырзагелдиев мамандардың іс-әрекетіне жоғары бағасын берді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел.: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi.kz

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22051

Тапсырыс №1604

Кезекші редактор Айнур БАТТАЛОВА